

IV МОДУЛЬ. ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ

I. ОҚЫЛЫМ

Жалпы құқықбұзушылық — адамға, мемлекетке зиян келтіретін, заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс қимыл. Құқықбұзушылық қоғамға қауіптілігіне қарай екіге бөлінеді.

Қылмыс — бұл Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінде көрсетілген, қылмыстық жауапкершілік пен қылмыстық жазаны туындататын қоғамға аса қауіпті іс-әрекет.

Теріс қылық — қоғам өмірінің әр саласында кездесетін және әртүрлі салдар туғызатын қоғамға орташа және кішігірім қауіпті іс-әрекеттер. Теріс қылықтар заңды жауапкершілікке баулынысты бірнеше түрлерге бөлінеді: әкімшілік, азаматтық-құқықтық, материалдық бөліктік, тәртіптік.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі 2001 жылдың 30 қаңтарында қолданысқа енгізілді. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс Қазақстан Республикасы Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидалары мен нормаларына негізделеді.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңдардың міндеттері — адам және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, қоршаған ортаны, мемлекеттік билікті жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, құқықтарын мен мүдделерін әкімшілік құқықбұзушылықтан қорғау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алу.

1. Берілген сұраққа сәйкес жауапты табыңыз.

Құқықбұзушылық қоғамға қауіптілігіне қарай қалай бөлінеді?

- A) Қоғамға қауіп төндірмейтін әрекеттер мен қауіп төндірмейтін әрекеттер.
- B) Болмашы зиян келтірген әрекеттер мен зиян келтіру қатерін туғызған әс-әрекеттер
- C) Құқықбұзушылық қоғамға қауіптілігіне қарай қылмыс және теріс қылық деп екіге бөлінеді.
- D) Қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

2. Сөйлемді аяқтаңыз.

Теріс қылықтар заңды жауапкершілікке баулынысты бірнеше түрлерге бөлінеді:

- A) адам және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін
- B) әкімшілік, азаматтық-құқықтық, материалдық бөліктік, тәртіптік.
- C) мемлекеттік билікті жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, құқықтарын мен мүдделерін әкімшілік құқықбұзушылықтан қорғау
- D) қылмыстық жауапкершілік пен қылмыстық жазаны туындататын қоғамға аса қауіпті іс-әрекет.

3. Мәтінде жауабы жоқ сұрақты таңдаңыз.

- A) Қылмыс дегеніміз не?
- B) Жалпы құқықбұзушылық дегеніміз не?
- C) Теріс қылық дегеніміз не?
- D) Мемлекетке зиян келтіретін іс қимылдарға не жатады?

II. ЖАЗЫЛЫМ

1. Аудиомәтінді тыңдаңыз, мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.

2. Жоспарға сәйкес мәтіннің негізгі мазмұнын сақтай отырып мазмұндама жазыңыз.